- Құрылғы және оның электр желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни оның зақымдалуына әкелетін себептерін болдырмайтындай етіп, сақталуы керек.
- Кофеқайнатқыштың электр желілік баусымның айырын желіге қоспас бұрын, оның қуат көзін (қоректі) ажыратып қосатын бастырмалық ажыратып-қосқышы «СӨНДІРУ» сөндірілген күйінде екеніне көз жеткізіңіз.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған кофеқайнатқышты қадағалаусыз қалдырмаңыз! Егер Сіз құрылғымен пайдаланбасаңыз, онда оны әркез сөндіріп, оның электр желілік баусымның айырын электр желісінен ажыратыңыз.
- Аталған құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, дене қабілеттігі шектеулі, сенсорлық қабілеттілігі төмен, яғни сезімдік не болмаса ақыл-ой деңгейі кем, сондай-ақ, құрылғыны қолдану үшін білімі мен тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Олар бұл құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.

Назар аударыңыз!



Бұл құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды. Құрылғы суға түсіп кеткен жағдайда, оның электр желілік баусымның айырын бірден электр желісінен ажыратыңыз. Сонымен, бұл кезде қолды суға малуға мүлдем болмайды. Құрылғыны екінші мәрте пайдаланудың алдында оны білікті маман тексеріп шығуы керек.

- Құрылғыны ешбір жағдайда суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды. Ылғал қолмен құрылғыны ұстауға болмайды. Құрылғы дымқылданса, оның электр желілік баусымның айырын бірден электр желіден ажыратып алу қажет.
- Бұл құрылғыны тек ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Құрылғыны электр желіге қоспас бұрын, құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны тек қана жерге тұйықталған желіге ғана қосу қажет. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жерлендіру бекітілген электр техникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Техникалық стандартқа сай келмейтін қуат беру және электрлік қоректендіру көздері мен ұзартқыш не жалғастырғыш құрылғыны және үшжақты жалғаулық секілді ұшайыр біріктіргіш қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Ұзартқыш не жалғастырғыш құрылғыны пайдаланудың алдында оның жерге тұйықталғанына және зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- **Кез келген ақау бола тұра құралды іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Құрылғыны бөлмеден тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Құрылғымен пайдаланып болғаннан кейін және оны тазартпас бұрын немесе құрылғы сынып, істен шыққан жағдайда, сондай-ақ, құрылғының керек-жарақтарын не бөлшектерін орнатпас бұрын, құрылғыны әрдайым сөндіріп, оның желілік баусымның айырын электр желісінен ажыратыңыз.

- Құрылғыны электр желілік баусымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, кофеқайнатқышты оның электр желілік баусымнан ұстап тартқылап, электр желісінен ажыратуға тыйым салынады. Кофеқайнатқыштың электр желілік баусымын электр желісінен ажыратқан кезде, тек қана оның штепсельді айыршасынан ұстап ажыратыңыз.
- Құрылғының жеткізілім жиынтықтығына кірмейтін қосымша аксессуарларға жататын бөлшектері мен керек-жарақтарын пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Әр жолы кофеқайнатқышты әрбір пайдаланғаннан кейін, оның электрлі қоректендіргіш баусымын құрылғыға айналдыра орауға болмайды, себебі, уақыт өте келе бұл баусымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Қашанда кофеқайнатқыштың электрлі қоректендіргіш баусымын дұрыс сақтау үшін оны жақсылап тарқатыңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымын тек техникалық біліктілігі бар мамандары - қызмет көрсету орталықтарының қажетті техникалық біліктілігі бар қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын атқаруға сәйкес техникалық біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен деңгейдегі маман тарапынан, сондай-ақ, арнайы техникалық білікті мамандарының санатына жатпайтын тұлға тарапынан жасалған болса, бұл қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.
- Бұл құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Құрылғыны жөндеу және қарап-тексеру, сондай-ақ, оның қалыпты күйге келтіру жұмыстарын тек бұл техникалық жұмыстарын атқаруға сәйкес қажетті техникалық біліктілігі бар мамандары ғана жүзеге асыруы тиіс, яғни аталған жұмыстарын қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлері ғана жүзеге асыруы керек.
- Бұл құрылғыны жөндеу үшін тек оның түпнұсқалы қосалқы бөлшектерін ғана пайдалану қажет.
- Құрылғының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін бұл электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өндеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға өз септігіңізді тигізесіз.



Назар аударыңыздар!

Құралды ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды. Құрал суға түсіп кеткен жағдайда, оны бірден электр желіден ажыратыңыз. Сонымен, бұл кезде қолды суға малуға болмайды. Құралды екінші мәрте пайдаланудың алдында, оны білікті маман тексеріп шығуы керек.

АСПАП ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН СУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Бұл аспапта минералды заттары төмендетілген (жұмсартылған, тазартылған) ТЕК ТАЗА АУЫЗ СУЫН ғана пайдалану керек. Кері осмос жүйесімен минералданусыз тазартылған суды қолдануға рұқсат етіледі.

Сусынның қанағаттанарлықсыз дәмдік сипаттамаларын болдырмау үшін Дайындаушы дистилденген суды пайдалануды ұсынбайды.



Резервуарды толтыру үшін тек таза, суық ауыз суды пайдаланыңыз. Ешқашан да суға арналған сыйымдылықты басқа сұйықтықтармен толтырмаңыз, резервуарға кофені салмаңыз.

- Суға арналған резервуарды MAX мәнінен жоғары толтырмаңыз.
- Құралды ешқашан сусыз қоспаңыз
- Кофе қайнатқыш жұмыс істеп тұрған уақытта ешқашан назарсыз қалдырмаңыз.
- Аспапты үстелдің жиегінен/жұмысшы беттен алыстау жерге тегіс тұрақты бетке қойыңыз.
- Ұнтақталған кофеден сусынды дайындау үшін туркада бұқтыруға арналған «extra fine» ұсақтап ұнтақталған кофені пайдалануға болмайды. Бұл сүзгінің бітелуіне әкелуі мүмкін. Сүзгінің бітелуі бұқтыратын аймақтағы қысымның жоғарлауын тудырады, осының салдарынан сусынды дайындау процесінде сүзгі ұстағышының өздігінен ажырытылуы орын алуы мүмкін. Бітеліп қалған сүзгіні тазалау немесе ауыстыру аспапқа кепілдік қызмет көрсетуге кірмейді.
- Кофе қайнатақышы минералсыздандырылған бөтелкеге құйылған (кулерлерге арналған) суды, немесе минералды қоспалардан тазаланудан өткен, сүзгіленген суды пайдалануға арналған. Контейнерге ауыз суды тікелей краннан құюға рұқсат етіледі, егер оның кермектігі 5,0 мг-экв/л аспайтын болса.
- Пайдалануда болған кофе қайнатқышты ауаның теріс температураларында сақтауға болмайды, өйткені кофе қайнатқыштың ішінде қалған судың қатып қалуы оны істен шығарады.




1
Суға арналған резервуарды MAX белгісінен жоғары толтырмаңыз



2
Аспапты ешқашан сусыз іске қоспаңыз!



3
Аспапты тұрақсыз беттерге қоймаңыз!



4
Пайдалануда болған аспапты ауаның 0 °C-ден төмен t-да сақтамаңыз.

ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

Аспап осы нұсқаулыққа сәйкес тұрмыстық ғимараттың температурасы мен ылғалдылығында тұрмыстық және ұқсас қолдану үшін тағайындалған:

- - дүкендердің, кеңселердің, фермерлік шаруашылықтар мен басқа да бөлімшелердің қуат көзі пункттерінде;
- қонақ үй, отель және басқа да тұруға арналған орындардың тұтынушыларына;
- жатақтар мен таңғы ас үшін арналған орындарда.

Аспап өндірістік және коммерциялық пайдалану үшін, сонымен қатар тағамдық емес өнімдерді өңдеу үшін тағайындалмаған

Өндіруші қате пайдалану немесе осы пайдалану нұсқаулығында көзделмеген мақсатта нәтижесінде туындаған шығын үшін жауапкершілік алмайды.

ЖИЫНТЫҚТАМА



Кофе
қайнатақышы
PCM 1536E
Adore
Cappuccino



Сүзгі ұстағышы



Өлшеуіш қасық /
нығыздағыш



Сүзгілер 2 дана.
(1 және 2
порцияға)



Сүт контейнері



Шағын сорғы



Пайдалану
жөніндегі
нұсқаулық /
Кепілдік талоны

БӨЛШЕКТЕРГЕ ШОЛУ ЖӘНЕ АТАУЛАРЫ




ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

Бірінші қолдану алдында немесе егер кофе қайнатқыш біраз уақыт пайдаланылмаған болса, оны келесідей түрде таза ауыз сумен жуып-шаю қажет:

1. Кофе қайнатқыштан қаптау материал мен жарнамалық жапсырмаларды алып тастаңыз және аспап корпусын ылғал матамен сүртіп алыңыз.
2. Кофе қайнатқышты тегіс бетке жайғастырыңыз.
3. Резервуарды суға толтырыңыз (судың деңгейі “**max**” белгісінен аспауы тиіс).
4. Сүтке арналған резервуарды да суға толтырыңыз және орнына орнатыңыз.
5. Екі резервуарды да кофе қайнатқыштың корпусына орнатыңыз және желілік айырды электр желісі розеткасына қондырыңыз.
6. Ұстағышты сүзгімен бірге кофе қайнатқышқа орнатыңыз. Бұл үшін оны кофе қайнатқыш корпусындағы ұстағыш ұяшығына төменнен жоғары қарай, сүзгі ұстағыштың тұтқасы «ашық құлып» белгісінің  астына орналастындай, енгізіңіз және, ұстағышты тұтқасынан бұрып, тілшік бағытымен, оңға қарай 40-45 градусқа, «жабық құлып»  белгісіне дейін бұрып, бекітіңіз (**Бұл ретте артық күш салмау қажет!**).
7. Шыны-аяқты сүзгі ұстағышы шүмегінің астына түпқойма торына орнатыңыз және капучинатор шүмегін суды шыны-аяққа ағызу үшін реттеңіз.



Корпусты ылғал матамен сүртіп алыңыз



Кофе қайнатқышты тегіс бетке жайғастырыңыз



Резервуарды суға толтырыңыз (судың деңгейі “**max**” белгісінен аспауы тиіс)



Сүтке арналған резервуарды да суға толтырыңыз



Екі резервуарды да кофе қайнатқыш корпусына орнатыңыз



Ұстағышты сүзгімен бірге кофе қайнатқышқа орнатыңыз



Ұстағыш тұтқасынан ұстап, оңға қарай 40-45 °-қа, белгіге  дейін бұраңыз



Шыны-аяқты түпқойма торындағы сүзгі ұстағыш шүмегінің астына орнатыңыз

8. Бір рет **ON/OFF** батырмасына басып, кофе қайнатқыштың қуатын қосыңыз, бұл ретте кофе қайнатқыштың алдыңғы панеліндегі жарық символдары дыбыстық сигналмен 3 рет жыпылықтайды. Кофе қайнатқыш қыздыруды бастайды.
9. **FROTH** батырмасын бір рет басу арқылы «Дара капучино» дайындау бағдарламасын орындаңыз. Осы іс-әрекеттерді резервуардағы су біткенше орындаңыз
10. Бүкіл су ағызылғаннан кейін контейнерді, сүзгіні және ұстағышты мұқият жуып-шайыңыз.



Назар аударыңыз!

Егер символ жыпылықтауын тоқтатқанша оған бассақ, кофе қайнатқыш қажетті температураға жетпегені туралы ескерту дыбыстық сигнал береді және символдар жыпылықтауын тоқтатқанын күту қажет.

8

ON/OFF
батырмасына басып, кофе қайнатқыштың қуатын қосыңыз

9

Алдыңғы панельдегі символар 3 рет жыпылықтайды. Кофе қайнатқыш қыздыруды бастайды

9

1 порция капучино бағдарламасын орындау үшін Froth батырмасын бір рет басыңыз

11

Бүкіл су ағызылғаннан кейін контейнерлерді, сүзгі мен ұстағышты жуып-шайыңыз

Алғашқы ≈ 20 сек ішінде қатты шу болуы мүмкін. Магистраль суға толғаннан кейін ол азаяды



Назар аударыңыз!

Алғашқы пайдаланғанда немесе пайдаланудағы ұзақ үзілістен кейін суды тартқанда сораптың жұмысында жоғарлаған шу болуы мүмкін. Бұл қалыпты, магистраль суға толғаннан кейін шамамен 20 секунд өткен соң шу азаяды.

Кофе қайнатқыштың **АВТОСӨНДІРІЛУ ФУНКЦИЯСЫ** іске қосқаннан соң 25-30 минуттан кейін іске қосылады, егер онымен ешқандай әрекеттер орындамайтын болса. Бұл ретте барлық жарық символдары сөнеді. Жұмысты қайта бастау үшін сүтке арналған контейнерді алу/орнату жеткілікті, немесе аспапты Қос./Сөнд. батырмасымен сөндіріп, сөндіргеннен кейін 5 секунд кешіктірмей дәл сол батырмамен қайта іске қосуға болады. Кофе қайнатқыш қыздыруды бастайды, немесе кофе дайындауға дайын болады.

АЛҒАШҚЫ ІСКЕ ҚОСҚАНДА НЕМЕСЕ ҰЗАҚ УАҚЫТ ПАЙДАЛАНБАҒАНДА


Жаңа кофе қайнатқышты алғашқы рет немесе пайдаланусыз ұзақ сақтаудан кейін іске қосқанда кофе қайнатқыш жүйесін суға толтырумен қиындық туындауы мүмкін.

Бұл ақаулық болып табылмайды.

Бірінші рет сәтті толтыру үшін арнайы шағын қол сорғысын пайдалануды сұраймыз (жиынтыққа кіреді). Оның көмегімен Сіз жүйеден ауаны оңай шығарасыз және оны суға толтыра аласыз.

Бұл үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындаңыз.




1. Суға арналған контейнерді шешіп алыңыз.
2. Кофе қайнатқыштың артқы бөлігінде орналасқан су резервуарының қабылдағыш торапына азғантай су құйыңыз.
3. Су резервуарының қабылдағыш торапына шағын сорғының түтігін кіргізіп, шағын сораптың піспегіне басыңыз, осымен кофе қайнатқыштың гидрожүйесін мәжбүрлеп суға толтыру процесін іске қосылады.
4. Су кофе қайнатқыштың қабылдағыш торапынан шыққанша 2 және 3 қадамдарды қайталаңыз, қажеттілік бойынша 2 және 3 қадамдарды 3-4 рет қайталаңыз.
5. Суға арналған толтырылған контейнерді орнатыңыз.
6. Суға арналған резервуарды орнатыңыз, кофе қайнатқышты іске қосыңыз, алдын ала қызу аяқталғанын күтіңіз (индикаторлар үнемі жанып тұратын болады), содан кейін су шығып тұрғанын тексеру үшін "ӨЗДІГІНЕН ТАЗАЛАНУ" батырмасын басыңыз. Егер иә болса, гидрожүйенің сұлбасында су бар дегені.
7. Кофе дайындауды бастаңыз.

1	2	3	4
			
Суға арналған контейнерді шешіп алыңыз	Су резервуарының қабылдағыш торапына азғантай су құйыңыз	Су резервуарының қабылдағыш торапына шағын сорғының түтігін кіргізіп, піспекке басыңыз	Суға/сүтке арналған контейнерді орнатыңыз, «Өздігінен тазалану» басыңыз. Егер су шығатын болса, онда бәрі сәтті болды. Егер жоқ болса – әрекетті жаңадан қайталаңыз

АЛДЫН АЛА ҚЫЗДЫРУ

Бір шыны-аяқ жақсы ыстық кофе дайындау үшін біз сүзгісі орнатылған кофе қайнатқышты алдын ала қыздырып алуды ұсынамыз. Осылайша, кофе қайнатқыштың суық бөліктерінің кофе бұқтыруға әсері жоққа шығарылады.

1. Суға арналған резервуарды суға толтырыңыз (судың деңгейі «**max**» белгісінен аспауы тиіс) және оны кофе қайнатқыш корпусына орнатыңыз.
2. Ұстағышты сүзгімен бірге «Жұмысқа дайындау және пайдалану» бөлімінің 6-т. сәйкес кофе қайнатқышқа орнатыңыз.
3. Түпқойма торына сәйкес келетін шыны-аяқты қойыңыз және желілік айырды электр желі розеткасына қондырыңыз.
4. Бір рет **ON/OFF** батырмасына басып, кофе қайнатқыштың қуатын қосыңыз, бұл ретте кофе қайнатқыштың алдыңғы панеліндегі жарық символдары дыбыстық сигналмен 3 рет жыпылықтайды. Кофе қайнатқыш қыздыруды бастайды.
5. Жарық символдары жыпылықтауын тоқтатқанын күтіңіз және **FROTH** батырмасын бір рет басыңыз. Процесс аяқталғаннан кейін символдар жыпылықтауын тағы тоқтатады. Алдын ала қыздыру осымен аяқталды. Кофе салар алдында сүзгіні құрғатып сүртіп алыңыз.



ШЫНЫ-АЯҚ ӨЛШЕМІН ТАҢДАУ

КОФЕ ТИПТЕРІ ЖӘНЕ ШЫНЫ-АЯҚТАР ӨЛШЕМДЕРІ			
Espresso	Жалқы		40 – 60 мл.
	Қос		90 – 110 мл.
Cappuccino	Жалқы		80 – 150 мл.
	Қос		160 – 300 мл.
Latte	Жалқы		160 – 300 мл.
	Қос		250 – 350 мл.

КОФЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ БАСТАЛУЫ

1. Алдын ала дайындалған және қыздырылған кофе қайнатқыш пайдалануға дайын, жарық индикаторлары үнемі жаны тұрады.
2. Сүзгі ұстағышты, тұтқасынан ұстап, «жабық құлып»  жайғасымынан солға қарай шамамен 45° градус бұрышқа бұрып және төмен түсіріп, кофе қайнатқыш корпусындағы ұяшқытан шешіп алыңыз (егер ол орнатылған болса). Қажет болса, сүзгіні құрғатып сүртіңіз және оны ұстағышқа орнатыңыз. Сүзгіні өлшеуіш қасықтың көмегімен ұнтақталған кофемен толтырыңыз. Жалқы порцияны дайындау үшін бір өлшем қасық кофе пайдаланыңыз, қос порция дайындау үшін - екі қасық.
3. Кофе мөлшеріне байланысты лайық келетін сыйымдылықтағы сүзгіні пайдаланыңыз.



4. Сүзгіні өлшеуіш қасықтың көмегімен ұнтақталған кофемен толтырыңыз.
5. Кофені сәл тығыздаңыз, бұны тығыздағыштың көмегімен орындауға болады.
6. Артық қалған кофені сүзгі жиектерінен алып тастаңыз.
7. Сүзгі ұстағышты кофе қайнатақыштың корпусына «Жұмысқа дайындау және пайдалану» бөлімнің 6-т. сәйкес орнатыңыз. Түпқойма торы диаметрі 7 см аспайтын бір шыны-аяқты пайдалануға есептелген.



Сүзгіні өлшеуіш қасықтың көмегімен ұнтақталған кофеге толтырыңыз



Кофені тығыздағыштың көмегімен сәл тығыздаңыз




Артық қалған кофені сүзгі жиектерінен алып тастаңыз




Сүзгі ұстағышты кофе қайнатқыш корпусындағы ұяшыққа орнатыңыз

ЭСПРЕССО КОФЕСІН ДАЙЫНДАУ

1. Бір порция  дайындау үшін **OPTIONAL** батырмасына басыңыз. Сусынның дайындалуы «Espresso 1-лік порциясы» индикаторының жыпылықтауымен сүйемелденеді. Аяқталғаннан кейін бес реттік дыбыстық сигнал беріледі.
2. Қос порция дайындау үшін  **OPTIONAL** батырмасына екі рет басыңыз. Сусынның дайындалуы «Espresso 2-лік порциясы» индикаторының жыпылықтауымен сүйемелденеді. Аяқталғаннан кейін бес реттік дыбыстық сигнал беріледі.
3. **OPTIONAL** батырмасына үш рет басу сусынды ерікті мөлшерде 230 мл шектерінде алуға мүмкіндік береді. Осы доза шектерінде су берілуінің тоқтатылуы тағы бір рет **OPTIONAL** батырмасын басумен жүзеге асырылады. Сусынның дайындалуы «Espresso 1-лік және 2-лік порциясы» индикаторының жыпылықтауымен сүйемелденеді.




1 порция Espresso дайындау үшін **OPTIONAL** батырмасына басыңыз



2-лік порция Espresso дайындау үшін **OPTIONAL** батырмасын 2 рет басыңыз



230 мл дейін сусын дайындау үшін **OPTIONAL** батырмасын 3 рет басыңыз



Су беруін тоқтату қолмен, **OPTIONAL** батырмасына басу жолымен жүзеге асырылады



Назар аударыңыз!

Сүзгі ұстағышының шүмектерінен біраз уақыт бұқтырылған кофе қалдықтары мөлшерлеу аяқталғаннан кейін ағатын болады.

Пайдаланылған кофені ұзақ уақытқа сүзгіде қалдырмаңыз. Сүзгі бітеліп қалмауы үшін және қиын еритін түзілімдердің пайда болуына жол бермеу үшін сүзгіні және кофе қайнатқыштың алмалы түпқоймасын оны пайдаланғаннан кейін бірден босатыңыз және шайыңыз.


КАПУЧИНО КОФЕСІН ДАЙЫНДАУ



Назар аударыңыз!

Сүт жақсы көпіршіктенуі үшін және тұрақты көпіршік алу үшін сүт резервуарын тек қана салқындатылған 3-5 °C температурадағы сүтке толтыру керек. Құрамында майдың массалық үлесі 1,5% ~ 3,5% болатын сүтті пайдалануды ұсынамыз.


1. Сүтке арналған резервуарды сүтке толтырыңыз (сүт деңгейі «min» және «max» белгілері арасында болуы тиіс) және оны кофе қайнатқыш корпусына орнатыңыз.
2. Түпқойма торына лайық келетін шыны-аяқты қойыңыз. Капучиноға арналған шыны-аяқ көлемі 200 мл артық болуы тиіс («Шыны-аяқ өлшемін таңдау» бөлімдегі кестені қар.).
3. Сүт көпіршігін беретін түтікше шүмегінің көлбеулігін бу мен көбік одан шыны-аяққа шығатындай етіп реттеңіз.
4. Бу/сүт көпіршігі берілуін реттегішті, оны солға қарай (көпіршегі аздау) немесе оңға қарай (көпіршегі көбірек) бұрып, өзіңіздің қалауыңыз бойынша баптаңыз.




Сүтке арналған резервуарды салқындатылған сүтке толтырыңыз



Түпқойма торына лайық келетін шыны-аяқты қойыңыз



Сүт көпіршігін беретін түтікше шүмегінің көлбеулігін бу мен көбік одан шыны-аяққа шығатындай етіп реттеңіз



Бу/сүт көпіршігін берудің реттегішін қалауыңыз бойынша реттеңіз. Солға қарай – көпіршігі аздау, оңға қарай – көбірек

5. Бір порция  дайындау үшін **FROTH** батырмасына басыңыз.
6. Сусынның дайындалуы «Cappuccino 1-лік порциясы» индикаторының жыпылықтауымен сүйемелденеді. Аяқталғаннан кейін бес реттік дыбыстық сигнал беріледі.
7. Қос порция  дайындау үшін **FROTH** батырмасына екі рет басыңыз.
8. Сусынның дайындалуы «Cappuccino 2-лік порциясы» индикаторының жыпылықтауымен сүйемелденеді. Аяқталғаннан кейін бес реттік дыбыстық сигнал беріледі.



Назар аударыңыз!

Сүт көпіршігін беретін түтікше шүмегінен бұмен бірге судың болымсыз мөлшері шығуы мүмкін.



Ескертпе!

Сүт көпіршігін беретін түтікшенің алмалы шүмегін тікелей әр пайдаланғаннан кейін жылы сумен және ысқышпен жуып-шайыңыз. Онда майлы түзілімдер пайда болуына жол бермеңіз.

5 1 рет басу керек



Бір порция  дайындау үшін **FROTH** батырмасына басыңыз

6 - Бип-Бип-Бип-Бип-Бип



Дайындау аяқталғаннан кейін бес реттік дыбыстық сигнал беріледі

7 2 рет басу керек




Қос порция  дайындау үшін **FROTH** батырмасына басыңыз

8 - Бип-Бип-Бип-Бип-Бип



Дайындау аяқталғаннан кейін бес реттік дыбыстық сигнал беріледі




Бу жеңінің алмалы шүмегін оны пайдаланған әр кезден кейін жылы сумен жуып-шайыңыз!

ЛАТТЕ КОФЕСІН ДАЙЫНДАУ

Іс-әрекеттер Капучино дайындаған кездегі іс-әрекеттерге ұқсас, бірақ сыйымдылығы үлкенірек шыны-аяқ пайдаланылады («Шыны-аяқ өлшемін таңдау» бөлімдегі кестені қар.).


1. Сүтке арналған резервуарды сүтке толтырыңыз (сүт деңгейі «**min**» және «**max**» белгілері арасында болуы тиіс) және оны кофе қайнатқыш корпусына орнатыңыз.
2. Түпқойма торына лайық келетін шыны-аяқты қойыңыз. Латтеге арналған шыны-аяқтың көлемі 350 мл-ден кем болмауы тиіс.
3. Сүт көпіршігін беретін түтікше шүмегінің көлбеулігін бу мен көбік одан шыны-аяққа шығатындай етіп реттеңіз.
4. Бу/сүт көпіршігі берілуін реттегішті, оны солға қарай (көпіршегі аздау) немесе оңға қарай (көпіршегі көбірек) бұрып, өзіңіздің қалауыңыз бойынша баптаңыз.
5. Бір порция латте ☞ дайындау үшін **CLEAN** батырмасына ☞ басыңыз. Сусынның дайындалуы «Latte 1 порциясының индикаторы» индикаторының жыпылықтауымен сүймелденеді. Аяқталғаннан кейін бес реттік дыбыстық сигнал беріледі.
6. Қос порция латте ☞ дайындау үшін **CLEAN** батырмасына ☞ екі рет басыңыз. Сусынның дайындалуы «Latte 2 порциясының индикаторы» индикаторының жыпылықтауымен сүймелденеді. Аяқталғаннан кейін бес реттік дыбыстық сигнал беріледі.



Сүтке арналған резервуарды салқындатылған сүтке толтырыңыз




Көлемі 350 мл кем емес шыны-аяқты түпқойма торына қойыңыз



Сүт көпіршігін беретін түтікше шүмегінің көлбеулігін бу мен көбік одан шыны-аяққа шығатындай етіп реттеңіз



Бу/сүт көпіршігі берілуін реттегіш. Солға қарай – көпіршігі аздау, оңға қарай – көбірек



Бір порция ☞ дайындау үшін **CLEAN** ☞ батырмасына басыңыз



Дайындау аяқталғаннан кейін бес реттік дыбыстық сигнал беріледі



Қос порция ☞ дайындау үшін **CLEAN** ☞ батырмасына **2 рет** басыңыз



Дайындау аяқталғаннан кейін бес реттік дыбыстық сигнал беріледі



Назар аударыңыз! Сүт көпіршігін беретін түтікше шүмегінен бумен бірге судың болымсыз мөлшері шығуы мүмкін.

КӨПІРШІКТЕЛГЕН СҮТТІ ДАЙЫНДАУ

1. Сүтке арналған резервуарды салқындатылған сүтке толтырыңыз (судың деңгейі “max” белгіден аспауы тиіс) және оны кофе қайнатқыш корпусына орнатыңыз.
2. Бу берілуін реттегішті, оны солға қарай (көпіршегі аздау) немесе оңға қарай (көпіршегі көбірек) бұрып, өзіңіздің қалауыңыз бойынша баптаңыз.
3. Көпіршіктелген сүт порциясын дайындау үшін FROTH батырмасын 3 рет басыңыз. Сусынның дайындалуы «Cappuccino 1 порциясы және 2-лік порциясы» индикаторларының жыпылықтауымен сүйемелденеді.
4. Тағы бір рет FROTH батырмасына басып, шыны-аяқ толғаннан кейін құйылуды қолмен тоқтатыңыз.




Назар аударыңыз!

Сүт көпіршігін беретін түтікше шүмегінен бумен бірге судың болымсыз мөлшері шығуы мүмкін.



Ескертпе!

Егер сусындарды дайындағаннан кейін сүтке арналған резервуарда пайдаланылмаған өнім қалатын болса, сүт құйылған резервуарды біраз уақыт тоңазытқышта сақтауға болады!



Сүтке арналған резервуарды салқындатылған сүтке толтырыңыз




Түпқойма торына лайық келетін шыны-аяқты қойыңыз




Сүт көпіршігін беретін түтікше шүмегінің көлбеулігін бу мен көбік одан шыны-аяққа шығатындай етіп реттеңіз



Бу/сүт көпіршігі берілуін реттегіш. Солға қарай – көпіршігі аздау, оңға қарай – көбірек




Көпіршіктелген сүт дайындау үшін FROTH батырмасына 3 рет басыңыз



Тағы бір рет FROTH батырмасына басып, құйылуды қолмен тоқтатыңыз.





Резервуардағы пайдаланылмаған сүтті тоңазытқышқа орналастырыңыз



Бу жеңінің алмалы шүмегін жылы сумен жуып-шайыңыз

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ

- Аспапты тазалауға кірісер алдында ол сөндірілгеніне, желіден ажыратылғанына және толық суығанына көз жеткізіңіз.
- Сүзгінің бітеліп қалуын және кофе қайнатқыштың бөлшектерінде қиын жойылатын жауын-шашынның пайда болуын болдырмау үшін пайдаланғаннан кейін аспапты ұзақ уақыт тазалауды кейінге қалдырмаңыз.
- Аспапты суға және басқа сұйықтықтарға батырмаңыз. Су электрлік қосылыстарға түспеуін ылғи қадағалаңыз.
- Аспапты сыртқы жағынан ылғалды жұмсақ матамен сүртіп алыңыз. Аспапты тазалау үшін жемір, қажак тазартқыш құралдарды, сонымен қатар органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Сүзгі ұстағышын шешіп алыңыз, сүзгіден кофе қалдықтарын кетіріңіз. Ұстағышты және сүзгіні жылы суда жуып-шайыңыз, жұмсақ түксіз матамен немесе ысқышпен құрғатып сүртіп алыңыз. Сүзгінің ішкі тесіктерін тексеріңіз, егер олар бітеліп қалған болса, кішкентай щеткамен (жиынтыққа кірмейді) тазалаңыз.
- Сүзгі ұстағышы орнатылатын орынды ылғалды матамен тазалаңыз.
- Тамшыларды жинауға арналған түпқойманы шешіп алыңыз, жиналған сұйықтықты төгіңіз, сумен жуып-шайыңыз және жұмсақ матамен сүртіңіз. Осы процедураны аспапты пайдаланған әр кезденген кейін қайталаңыз.
- Суға арналған резервуардың ішкі бөлігін ысқышпен немесе жұмсақ матамен мерзімді түрде жуыңыз.
- Терең тазалау үшін жалқы эсперссоны дайындаудың бір циклын тек қана сумен және ішінде сүзгісі орнатылмаған сүзгі ұстағышпен жүргізіңіз



СҮТКЕ АРНАЛҒАН РЕЗЕРВУАРДЫ ЖӘНЕ БУ ШҮМЕГІН ТАЗАЛАУ


- Сүтке арналған резервуарды шешіп алыңыз, жиналған сұйықтықты ағызыңыз, жылы сумен және жұмсақ ысқышпен жуып-шайыңыз. Аспапты тазалау үшін жемір, қажәк тазартқыш құралдарды, сонымен қатар органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Резервуарды ҚАҚПАҚСЫЗ ыдыс жуатын машинада жууға болады.
- Бу жеңінің алмалы шүмегін тікелей әр пайдаланғаннан кейін жылы сумен және ысқышпен жуып-шайыңыз. Онда майлы түзілімдер пайда болуына жол бермеңіз.
- Таза резервуарға жылы суды «тіп» және «тах» белгілері арасына құйыңыз және оны қақпақпен бірге жинап іске қосылған және жұмысқа дайын аспапқа орнатыңыз.
- Үлкен шыны-аяқты сүт көпіршігін беретін түтікше шүмегінің астына қойыңыз.
- CLEAN  батырмасын үш рет басыңыз. Қақпақ механизмін тазалау процесі басталады. Сүт мөлшерлеуішінің жуып-шайылуы «Latte жалқы және қос порциясы» индикаторлардың жыпылықтауымен сүйемелденеді.
- Тазалау процесі аяқталғаннан кейін бес реттік дыбыстық сигнал беріледі.




Жылы сумен жуып-шайыңыз. Қажәк құралдарды пайдаланбаңыз



Резервуарды ҚАҚПАҚСЫЗ ыдыс жуатын машинада жууға болады




Бу жеңінің алмалы шүмегін жылы сумен жуып-шайыңыз



Таза резервуарға жылы суды «тіп» және «тах» белгілері арасына құйыңыз



Оны қақпақпен бірге жинап іске қосылған және жұмысқа дайын аспапқа орнатыңыз



Үлкен шыны-аяқты сүт көпіршігін беретін түтікше шүмегінің астына қойыңыз



3 рет басу керек
CLEAN батырмасын 3 рет басыңыз. Қақпақ механизмін тазалау процесі басталады



Дайындау аяқталғаннан кейін бес реттік дыбыстық сигнал беріледі

Бу құбырын тазалау 3 кезеңмен жүргізіледі:

1. Бу құбырының түтікшесі шамамен 100 градус Цельсий температурасына дейін қыздырылған судың көп мөлшерімен жуып-шайылады. Бұл кезеңде сүттен болған негізгі ластануларды шаю өтеді.
2. Үзіліс немесе ауамен тазалау, бұл ретте бу құбырының ішкі беттерінің кептірілуі өтеді.
3. 70-80 градустағы судың болымсыз мөлшерімен бу құбырын жуып-шаю, бұл құрамында кальций, хлор және басқа минералды заттары бар ұсақ ластануларды кетіруге мүмкіндік береді.




Назар аударыңыз!

Екі индикатор да жыпылықтап тұрғанша тазалау процесі аяқталмайды. Бұл кезде бу құбырымен және кофе қайнтақышпен ешқандай іс-әрекеттерді жүргізуге болмайды.

Тазалау индикаторлары сөнегін күту қажет.



Тазалау процесі әлі аяқталмады!
Екі индикатор да жыпылықтап тұр!



Индикаторлар сөнді!
Тазалау процесі аяқталды

ҚАҚТЫ ЖОЮ

Кофе қайнатқыш тиімді жұмыс істеуі үшін қақты әр 2-3 ай сайын кетіру, ал «кермек» суды пайдаланғанда одан да жиі жүргізу ұсынылады.

Ол үшін «Жұмысқа дайындық» бөлімінде сипатталған әрекеттерді орындау керек, тек судың орнына Polaris кальцификаторын пайдалану керек.

Бұдан кейін «Жұмысқа дайындау» тарауында сипатталған операцияларды қайталап орындау қажет, бірақ енді резервуарды таза суға толтыру керек.

Назар аударыңыз!



Толық тазалауды кофе дайындаудың әр 80 циклынан кейін, егер су жұмсақ (сүзгілінген) болса, және су кермек болса, кофе дайындаудың әр 40 циклынан кейін жүргізу ұсынылады.



Уақтылы немесе тиісті емес күтім жасаудың нәтижесінде туындаған ақаулықтарды жою, сондай-ақ сүзгілерді тазалауға, май шөгінділері мен қақты кетіруге байланысты жұмыстар кепілдік қызмет көрсетуге кірмейді және пайдаланушының есебінен орындалады.




САҚТАУ

- Пайдаланылмайтын аспап желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Судың төгіңіз де, аспапты тазалауды жүргізіңіз, барлық алынбалы бөлшектерді мұқият кептіріңіз. Құралды құрғатып сүртіңіз және құралдың құрғақ, салқын жерде сақталуын қадағалаңыз.
- **Кофе қайнатқышты жылытылмайтын үй-жайда ауаның теріс температурасында сақтауға тыйым салынады!**
- Электр аспаптары қоршаған ауаның температурасы плюс 40°C-ден аспайтын, салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан аспайтын және қоршаған ортада электр аспаптар материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқылды және басқа да булар болмайтын жабық құрғақ және таза үй-жайда сақтау керек.



1
Құралдың желіден өшкеніне және толықтай суығанына көз жеткізіңіз. Корпусты сүртіп шығыңыз



2
Түпқоймадан, суға арналған бачоктан суды ағызыңыз, сүтке арналған ыдысты жуып-шайыңыз



3
Барлық алмалы бөлшектерді мұқият жуып-шайыңыз



4
Құрғатып кептіріңіз

ТАСЫМАЛДАУ

Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда зауыттық түпнұсқа ораманы пайдаланыңыз.

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Ескерту: Электр аспаптың пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.

ЫҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ

Мәселе	Ықтимал шешім
Сүзгі ұстағыш шүмегінен ыстық су ақпайды.	1. Резервуарға су толтырылғанына көз жеткізіңіз. 2. Бәлкім, кофе қайнатқыштың жұмыс бөлігінің ішіне ауа түскен шығар, осының нәтижесінде сорап сөніп қалуы мүмкін. 3. 6-т.-та сипатталған іс-әрекеттерді қайталаңыз («Жұмысқа дайындау»). 4. Егер осыдан кейін бұл қызмет қалпына келмеген болса, сервистік орталықтың білікті мамандарына жүгіну керек.
Бу жеңінің шүмегінен бу шықпайды.	1. Сүт көпіршігін беретін түтікше шүмегінің ішінде қалыптасуы мүмкін болатын түзілімдерді кетіріңіз. 2. Резервуардағы судың деңгейін тексеріңіз.
Кофе сүзгі ұстағышынан асып төгіледі.	1. Бәлкім, сүзгіге ұнтақталған кофе тым көп мөлшерде салынған шығар, осының нәтижесінде сүзгі ұстағышы кофе қайнатақыш корпусындағы ұяшыққа тығыздап бекітілмеген. Кофе қайнатақыш суығанан күту және, ұнтақталған кофенің сипаттамаға сәйкес келетін мөлшерін пайдаланып, сусынды қайталап дайындау қажет.
Алғашқы порцияны дайындағанда сүзгі ұстағыштың шүмегінен кофе тым баяу ағады немесе мүлде ақпайды.	1. Ұнтақталған кофе арналған сүзгіні тексеріңіз. Егер сүзгінің тесіктері бітеліп қалған болса, кішкентай щеткамен немесе сәйкес келетін құрал-сайманды пайдаланып, оларды тазалау қажет. 2. Бұл проблема кофе қайнатқыш корпусының ұяшығындағы тесіктенген диск арқылы судың жеткіліксіз түсуімен негізделуі мүмкін. Құралды бірнеше ай пайдаланудан кейін дискінің тесіктері бітеліп қалды деген мүмкіндік бар. Бұл жағдайда дискіні щеткамен немесе мәсүекпен тазалап, содан кейін кофе қайнатқышты іске қосу және аспап арқылы суды, бірақ корпусты сүзгі ұстағышсыз, айдау қажет. Су дискінің барлық тесіктері арқылы еркін ағуы тиіс, егер бұлай болмаса - диск ластанған және сервистік орталыққа жүгіну қажет. 3. Суға арналған резервуар кофе қайнатақыш корпусына қате орнатылған. Резервуарды аспап корпусына мүмкіндігінше тығыз және тұрақты жайғастырып, оны орналастырыңыз. 4. Резервуарда кофе дайындауға сорап оны айдауы үшін су жеткіліксіз. Резервуарды толтырыңыз.
Кофе сұйық және суық.	1. Пайдаланылатын кофе тым ірі етіп ұнтақталған. 2. Неғұрлым қоландырылған және ыстық сусын дайындау үшін кофе дәндері ұсақтап ұнтақталған (эспрессо кофе қайнатқыштары үшін сәйкес келетін) болуы тиіс.



Назар аударыңыз!



Егер жоғарыда көрсетілген қадамдардың көмегімен Сіз проблеманы өзіңіздің күшіңізбен жоя алмаған болсаңыз, Сіздің өңіріңіздегі ең жақын орналасқан POLARIS Авторизацияланған сервистік орталыққа жүгінуді ұсынамыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PCM 1536E Adore Cappuccino - POLARIS сауда белгісінің Тұрмыстық электрлік кофе қайнатқышы

Қуатылығы: 1350 Вт

Кернеуі: 220-240 В

Жиілігі: ~50 Гц

Суға арналған резервуардың сыйымдылығы 1,8 л.

Қорғаныс санаты: I

Ескерту: Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Өнім КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтардың қауіпсіздігі туралы», сондай-ақ КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» талаптарына сәйкестігін растау рәсімінен өтті және Кеден Одағының мүше мемлекеттерінің нарығында өнім айналымының бірыңғай белгісімен таңбаланады. Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Бұйымның қызмет көрсету мерзімі: 3 жыл.

Кепілді мерзімі: 2 жыл сатып алған күннен бастап.

Өнім табиғи тозуға ұшырайтын және/немесе қызмет ету мерзімі шектеулі және олардың ресурстары таусылғандықтан жоспарлы ақылы ауыстыруға жататын компоненттерді қамтиды. Өндіруші бұл компоненттерге шектеулі кепілдік береді.

Бұл өнімде мыналар:

- сусындарды тарату тобына, құбырларға және бу желілеріне арналған тығыздағыштар - 6 ай.

- Автоматты капучинатор (жұмыс ережелерін сақтаған жағдайда) - 6 ай.

Дайындалған күні бұйымда көрсетілген.

Қытайда өндірілген.

Өндіруші: НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД Мекенжайы: № 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Цыси, Чжэцзян провинциясы, ҚХР

Manufacturer: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

Зауытта: ФОШАН ШУНДЕ БЕЛИВ ЭЛЕКТРИКАЛ АППЛАЙАНСЕС КО., ЛТД

Тхе Тхирд Оф 1/Ф, 2/Ф, 3/Ф, №15, Дафу Рoad, Район Дафуджи, Ронгги, Шунде, Фошан, Қытай.

At factory: FOSHAN SHUNDE BELIEVE ELECTRICAL APPLIANCES CO., LTD

The Third of 1/F, 2/F, 3/F. No/15, Dafu Road, Dafuji Area, Ronggui, Shunde, Foshan, China.

Өндірушінің РФ және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттеріндегі Импорттаушысы және Уәкілетті өкілі: "ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат I -үй-жай 13-бөлме, Тел. +7 (495) 419-11-78 Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефоны 8-800-700-11-78

КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: электрлік кофе қайнатқыш

PCM 1536E Adore Cappuccino

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 24 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Кедендік одақтың мүше мемлекеттерінің Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуі;
 - Құрамында минералды заттар көп мөлшерде болатын суды пайдалану салдарынан әк шөгіндісі, су тасы мен қақ шөгінділері болады
 - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдалану;
 - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдалану;
 - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
 - Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуынан;
 - Авторизацияланған сервис орталықтары* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуінен;
 - Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларынан.
- Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы болмаса немесе ондағы деректер өшірілген немесе түзетілген болса, өндірушіге кепілдікті міндеттеме жүктелмейді.
5. Бұл кепілдік тек жеке тұрмыстық қажеттіліктерге арналған бұйымдарға жарамды және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттарға пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз!! Өндіруші POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдікті жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS Авторизацияланған сервистік орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS Авторизацияланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

*Авторизацияланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: www.polaris.ru

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.

